

Бөкейханов ауданының Басқармасының
№29 «Ай-Керемет»
балабақшасының меңгерушісі:

 К.К. Сейдалиева

Тақырыбы: «Толағай шахмат елінде»
Тобы: «Бәйтерек» ересек топ 4-жас

Тәрбиеші: Сабденова Г.К.

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекетінің технологиялық картасы.

Тобы: «Бәйтерек» ересек тобы

-Физикалық дамыту;

-Коммуникативтік дағдыларды дамыту;

-Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;

-Шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту;

-Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Өтілетін күні: 15.12.2022ж

Тақырыбы: «Толағай шахмат елінде».

Максаты: Балаларды ежелгі шахмат ойынымен таныстыруды жалғастыру.Шахмат тақтасындағы тор көздерді,сызықтарды,жүру жолдары туралы түсініктерін бекіту.Шахмат тақтасына фигураларды дұрыс орналастырып,айта білуге дағдыландыру.

Міндеті: Балалардың ойлау,есте сақтау қабілетін дамытуды жалғастыру.Ертерек ойынды жоспарлау қабілетін дамыту.Балаларды ойын уақытында қарсыласына сыйластықпен қарауға тәрбиелеу.Жігерлендіріп,көңіл-күйлерін көтеріп,ойынға деген қызығушылығын арттыру.

Көрнекіліктер:Слайдтар,суреттер,шахмат тақтасы мен фигуралары,шахмат ойындары,таратпа құралдар

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдастырушы қозғаушы.	Аудио дыбыс арқылы ертегі айтылады. -Армысыздар қонақтар.Мен сіздерге «Толағай»ертегісінің желісі бойынша жаңа бір ертегі айтқалы отырмын. Ерте-ерте ертеде,кемпір мен шал өмір сүріпті.Олардың балалары болмаған екен.Күні-түні Құдайдан бір ұл беруін жалбарына сұрапты.Құдайдың мейірімі түсіп,оларға нәресте сыйлапты.Олар ұлдарына Толағай деген ат беріпті.Толағай сағат санап өсіп,зор денелі,күш-қайраты мол,батыр болыпты.Сол жылдары елде құрғақшылық болып,аймақты жұт жайлапты.Елдің еріккен ханы су көзін жауып тастапты да мынадай жарлық шығарыпты: Уәзір: Тыңдаңыздар!Тыңдаңыздар!Ханның жарлығы шықты,ханның жарлығы шықты!Кімде-кім ханға шахмат ойнауды үйретсе,сол адамның еліне су жіберіледі.	

	- Автор: Бұл жарлықты естіген Толағай ата-анасынан бата алып,шахмат елін іздеуге аттаныпты.	
Ұйымдастырушы ізденушілік	Музыкамен балалар кіреді. Бөлініпті екіге Ақ пен қара түрінде Алаңда тұр патша,ат Әрине бұл Шахмат Ойын бастап береміз Көтеріңкі көңілде Ойын бастап береміз Көтеріңкі көңілде. Ал,балалар біз шахмат елінің сарбаздарымыз.Осы елге келгендерге шахмат үйретуден жалықпауымыз керек. Ғажайып сәт:Толағай кіреді. Толағай:Армысыздар халайык! Бармысыңдар балалар! Шахмат елін іздеген, Мен боламын-Толағай. Тәрбиеші:Қош келіпсің,Толағай!Сен іздеген «Шахмат елі»осы болады.Бұйымтайынды айт. Толағай:Ендеше жақсы болды ғой.Еліміздің еріккен ханы су көзін жауып тастап: «өзіне кім шахмат ойнауды үйретсе,соның еліне су беріледі»-деп шарт қойды.Мен шахмат ойынын үйреніп,еліме жақсылық жасап,су сыйласам деймін.Маған сіздердің көмектеріңіз керек,маған шахмат ойнауды үйретесіздерме? Тәрбиеші:Балалар,мына тақтаға қарайық,неге жалғыз фигура қалып қойған?Қандай фигура,жүріс жолдары да көрсетіліп тұрма? Уәзір фигура:дұрыс,мен-Уәзірмін.Басқа фигуралардан бөлініп қалғанмын,әрі менінде Толағайға көмектескім келеді.Менің әрбір жолымның басында ойындар бар.Соны ойнап,орындасандар Толағайға көмектерің тиеді,менде өз достарымды табамын.	Құрметті қонақтарға жас шахматшылардан сәлем! Иә,көмектесеміз.Неден бастаймыз? Бұл-уәзір.соның жүру жолдары көрсетілген,өзінен сұрасақ қайтеді. Жарайды

	Тәрбиеші:Ендеше іске кірісейік,Толағай бізбен бірге болып,мұқият қарап тыңда. 1-жолдағы ойын. «Бәйге» деп аталады. Сұрақтар қойылады,балалар жауап береді.Жауабы слайд арқылы шығады. 1.Шахмат деген не? 2.Шахмат ойыны қай елден шыққан? 3.Шахмат тақтасы неден құралған? 4.Шахмат ойынын неше адам ойнайды? 5.Шахмат ойыны алғаш қалай аталған? 6.Шахмат ойынын ойнау үшін қандай фигуралар керек? 7.Шахмат сөзі қандай мағына береді? Толағай:Жарайсындар,ақылды екенсіңдер.Мынау менің сыйлығым-деп тақия сыйлайды. 2-жолдағы ойын. «Ұлттық ойын»ойна. Толағай:Кәне,балалар мен сендермен өзім білетін ұлттық ойындардың бірін ойнасам деймін «Тақия тастау» ойыны. Ойынның шарты:Шеңбер құрып отырамыз,тақия кімге түссе сол фигураларды атап,жүрісін көрсетеді. Патша: Мұнда уәзір мен піл, Өрлі-берлі кезгілеп жүр, Ертегідей мағызды Таққа отырар Патшамын. Патша-ең басты тұлға.Өзім тұрған шаршыдан тіке,көлбеу,барлық жаққа бірдей бір шаршыға ғана жүре аламын.Патша патшаға жақындай алмайды. Уәзір:Аланда күшім көп Уәзірмін. Қорғаймын жаудан жолымды. Кім жолымда тұрады, Білемін сол оңбайды. Ладья:Алға,артқа жүремін жақсы. Солға,оңға кедергі жоқтың қасы, Мен білемін бұл фигура, Ладья деп аталады. Ладья-өзім тұрған шаршыдан көлденең оңға,солға және тіке алға,әрі артқа жүру мүмкіндігім бар. Толағай:Жарайсындар,балалар!Мен көп нәрсе үйреніп қалдым,әлі де білгім,үйренгім келеді.Сендердің	Сұрақтарға жауап береді Бір бала киіп алады. Ұлттық ойынды ойнайды Патша жүрісін көрсетеді Уәзір жүрісін айтады Ладья жүрісін айтып көрсетеді. Қуана асықтарды алады.Сол бойынша бөлініп,шахмат фигураларын орналастырады.
--	--	---

ойындарың маған ұнады, қалтамдағы асықтарымнан берейін сендерге. Асықтарды балаларға таратып береді.

3-жолдағы ойын: «Орнына қой»
Тәрбиеші: Асық түсіне қарай 3-ке бөлінеміз.

Қызыл асық алғандар үлкен шахмат тақтасына барамыз



Сергіп алады


Қалам арқылы сәйкестендіреді

Жасыл асық алғандар магнитті тақтаға барамыз.



Алаңнан затты іздейді.
Тауып фигураларды атап, шахмат фигураларының орнын тауып тұрады.

Сары асық алғандар үстелге жайғасамыз.



Киімдеріне қарай фигураларды атап, шахмат тақтасынан орындарын табады.

Енді шахмат тақтасына фигураларды ретімен орналастырамыз.

Толағай: міне сендерге және сыйлығым бар деп құлыншақ береді.


Тәрбиеші: Балалар бәріміз құлыншақты ортаға алып, сергіп алайық.

Сергіту сәті «Құлыншақ»

4-жолдағы ойын. «Сәйкестендір»

Толағаймен қоштасады.

Шарты:Балалар біз шахмат фигураларының қайдан шыққанын білеміз.Бірақ Толағай білмейді,сол себепті фигураларды неге ұқсайтынына қарай сәйкестендіреміз.



5-жолдағы ойын: «Көлеңкесінен таны»

Шарты: Көлеңкесі түскен фигураларды тауып, атайды.

6-жолдағы ойын: «Ғажайып сыйлық»

Алаңнан ерекше затты іздендер,соны тапсаңдар уәзір өз достарына қосылады.

Балалар іздеп текше тауып алады. Ол текшеде фигуралардың суреттері бейнеленген.

Тәрбиеші:Балалар мына текшеде шахмат фигуралары бейнеленіпті,текшені лақтыру арқылы қандай сурет жоғары түссе,сол суреттегі фигураны атап,шахмат тақтасына орналасып,саяхатымызды қорытындылаймыз.

Толағай:Рақмет, балалар! Мен сендердің көмектеріңнің арқасында шахмат ойнаудың қыры мен сырын үйрендім,енді еліме тезірек жеткім келеді.

Тәрбиеші: Үйренгенің жақсы болды, еліңе бізден мына ғажайып тақтаны ала кет, бірақ бұл өте ауыр сыйлық, оны жеткізер алар ма екенсің?

Толағай: әрине, бұны қайтсемде
жеткіземін, мен тау көтерген

	Толағаймын.Сыйыңызға көп-көп рақмет! Тәрбиеші:Жолың болсын,Толағай,сәт сапар тілейміз!Балалар сендерде жақсы еңбектендіңдер.Кәне бір-бірімізге қамқор болып,көмегімізді аямайық-деп топтан шығып кетеді. Автор:Сөйтіп Толағайға ғажайып тақтаны еліне жеткізіп,ханға шахмат ойнауды үйретеді.Хан Толағай еліне су көзін бұрады.Кейін бұл аймақ қайтадан құлпырып,гүл жайнапты,халқы ырыс-берекеге кенеліпті.Ынта қойып тыңдағандарыңызға көп-көп рақмет.Келесі кездескенше қош сау болыңыздар!-деп,мен ертегімді аяқтаймын.	
--	---	--

